

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Мұхтархан Оразбай

**КҮЛТЕГІН ЖАЗБА
ЕСКЕРТКІШІНІҢ ОРНАТЫЛУ
БАРЫСЫ
ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСТЫ
ТАРИХИ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР
(қытай жазбалары ізімен)**

Резюме

В данной статье на основе китайских источников рассмотрено литературно-исторические памятники Орхон-Енисея. Предметность данной тематики автором статьи исследуются исходя из неопровержимых исторических фактов.

Resume

In this article, based on Chinese sources considered literary and historical monuments Orhon Yenisey. Objectivity of the subject article's author studied on the basis of irrefutable historical facts.

Özet

Bu makalede eski Çin kaynakları doğrultusunda, ilmi araştırmalar yapılarak Orhon yazıtlarının sekizinci asırdaki yazılı belgelerine değinmiştir ve bazı günümüze kadar hiçbir bilimsel kitaplarda dile getirilmemiş yazılı belgeleri bulmuşonu da bu makalede dile getirilmiştir.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері аталатын тарихи мұра, түрік тектес немесе түрік тілінде сөйлейтін ескі дәуір халықтарының, соның ішінде орта Азия мен Қазақстан, Шыңжан немесе Шығыстүрікстан өңірлерінде ықылым заманалардан бері қоныстанып келген түрік тектес немесе түрік тілдес халықтардың ертедегі тарихы жайлы сыр шертетін жазбаша дерек. Бұл мұра, бұрын тек ауыз әдебиеті түрінде ғана сақталып жеткен, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жалғасып жеткен тарихи шежірелер мен тарихи эпостық жырлар сынды халық дастандарында күңгірттеу сұлбесі ғана бар, әйткенмен, тым айқындалмай өте көмескіленіп келген деректерді ана-ғұрлым анықтап, толықтыра түсетін баға жетпес, аса құнды тарихи қазына. Оның таяу заман ғылымында белгілі болғаннан кейінгі рөлі; түрік тектестер тарихында өте жоғары болғаны көптеген көзқарасты тарихшылардың, этнографтардың, тіл зерттеуші ғалымдардың, әдебиетшілердің және басқа да қоғамдық ғылымдар саласында еңбектенетін ғалымдардың бірталайына түсінікті. Өйткені, аталған ескерткіштер табылғанға дейін түрік тектестердің тарихы жөнінде әсіресе, жазба ескерткіштер орнатылған VIII ғасырларға тән тұстағы дәуір жөнінде көптеген қате түсініктер жаппай белең алған еді, әрі сынаржақтылы болжамдар да көптеп ортаға қойылып келген. Сол себепті, аталған дәуірде жасаған иесі түрік халықтарының саяси, әскери, әлуметтік жағдайы, экономикалық хал-күйі, территориялық аумағы және басқа көршілес елдермен жасаған жан-жақтылы қарым-қатынастары, мәдениет өресі сияқты келелі мәселелерді қанығына жете отырып анықтауда толып жатқан қате көзқарастар мен жойдақсыз тұжырымдамалар өмір сүріп келген еді. 19 ғасырдың соңына ала «Орхон-Енисей жазба ескерткіші» қайта табылғаннан кейін ғана, жоғарыдағы аталған түрік тектестердің күллі тарихы мен болмысын бұрмалаған қате түсіндірмелер мен тұжырымдамаларды теріске шығарудың, тарихи шындықтардың талас

жүрмейтін фактілерін анықтаудың алтын қілті табылып, толып жатқан тарихи қателіктер мен тарихты қасақана бұрмалаушылықтар ауыздықтауға толық дәлелдер жарыққа шықты. Талайдан бері жөн-жосықсыз ортаға қойылып келген немесе европа центризм ықпалындағы шовинистік көзқарастар көлеңкесінде өрбітілген, ешқандай нанымды ғылыми тиянағы жоқ, дәлелсіз, ойжота пікірлердің бірталайы өз үкімін өзі шығарып, тарихтың қарабет үйіндісіне көмілді.

ХҮІІІ-ХХ ғасырларда европа құрлығындағы белді капиталистік елдердің басқа елдерге жасаған отаршылдығы мен өктемдікке толы озбыр саясаттары тұсындағы, солардың ықпалымен ортаға қойылған қате көзқарастарға тастай қатып, соған мұрагерлік етіп келген кейбір ғалымсымақтар да, талайдан өздері қасарыса жабысып келген тозығы жеткен көзқарастарына жал табуға амалсыз қалып, нағыз шындықтың бұлтартпас айғағы мен өлмес куәсін көргенде барып (жазулы тастардағы өз көзімен оқығаннан кейін) амалсыздықтан изек қаққандары мәлім.

Содан бастап, бүкіл европада және дүние жүзінде шығыстану ғылымы сондай-ақ түріктану ғылымы түрік халықтарының ежелден бері қоныстанып келген ата мекені саналатын орта азия мен Қазақстан тарихының көне дәуірлеріне қатысты деректері туралы, қытай архивтерінде қытайша жазылып сақталған кітаптарға, жазбаша шежірелерге «тарих естеліктері», «хан хандығы кітабі», «вэй хандығы кітабі», «жоу хандығы кітабі» т.б. толып жатқан қытайша жазылған тарих материалдарына, сонымен бірлікте грек, үнді тілінің жазбаларындағы тарих материалдарына жүгіну арқылы, аталған халықтардың өз тілінде, дәлірек айтқанда, солардың өздері сол заманда жазып қалдырған ежелгі түпнұсқа күйіндегі естеліктерге, жаңадан немесе ұмыт қалып қайтадан табылған ескерткіш мұраларды салыстырып зерттеуге мүмкіндік алды. Міне, бұл Орхон-Енесей жазба ескерткішінің тарихи маңыздылығы мен оның ғылымдағы құндылығын айғақтайтын немесе нақты фактілермен дәлелдейтін нағыз шыншыл куәліктің бірі болып есептеледі. Түрік халықтарының кешегі өмір тынысын, тұрмыс-тіршілігін, этникалық жақтағы топталуын, одақтастық бірлігін көп жақтан түсіндіріп бере алатын Орхон-Енесей жазба ескерткішінің қайтадан ғылымда белгілі болуы, өз тарихымыздың тайға таңба басқандай айғағы, ата-бабаларымыз өз қолдарымен қашап жазып тасқа таңбалаған ұлтымыздың өшпей жеткен тарихи шежіресі екендігі кімді болса да нандырады даусыз. Бұл сөздерімізді толығынан дәлелдеу үшін, біз тарихи жазба деректерге дәлірек айтқанда, сол айтылып отырған ҮІІІ ғасырларда жазылып сақталған, белгілі ғұлама тарихшылар өз қолымен жазып қалдырған дерегі мол, дәлелі күшті кітаптар бетіне үңіліп, сол кітаптар сөзін қайтадан (түпнұсқасынан өз аудармаларым негізінде) қазақшаға толық түсініктер жасай отырып оқығанымыз теріс болмас. Мұнда ең бастысы қытай архивтерінде әсіресе, осы мен тұрған Пекин кітапханасы сүрелерінде қытайша жазылған, жазба дерегі аса дәлелді естеліктерде сақталып отырған фактілерді толығынан әрілеп тәптіштеуді, соның түп нұсқаларынан қазіргі қазақ тілімізге толық аударып алып салыстыруды, сол арқылы өткендегі тарихи деректердің шындық болмысымен өте жақын келетін сырларына үңіліп, оның бай қазынасынан барынша пайдалануды ерекше ескеріп отырмыз. Сол себепті, біз «Орхон-Енесей жазба ескерткіші ішіндегі» ең көлемді әрі ең негізгісі болған «күлтегін жазба ескерткіші» делінетінін алып ескерткіш жәйлі баса аялдауды, сол жөнінде жазылған деректерді көбірек ортаға қоюды жөн көрдік.

«Күлтегін жазба ескерткіші» б.з 732 –жылы (Таң хандығы дәуірі деп аталатын қытай жылнамалық дәуірінде Шуэн Заң патшалығы билік құрған 26-жыл) тарихтағы түрік қағанаты деп аталатын дәуірде жасаған елбасы Білге қаған (Молгиян немесе Болқиян деп аталады) деген билешінің туған інісі, сол қағанаттың асқан батыры Күлтегінге арнап, оның еңбектері мен ерлік істерін жыр етуге бағышталып орнатылған алып ескерткіштердің бірі. Оны Өтукен «қазіргі Монғолияның Хошо Сайдам көлінің жағасында» тұрғызылған. Ескерткіш батыстан күншығысқа қарай созылған 28.85х6х5метр жазықтыққа салынған, көлемі 0.33х0.33 шаршы түрінде құйылған шикі кірпіштен жасалған. Есік алдындағы шыға берісте ақ мрамыр тастан ойып жасалған екі қошқардың мүсіні орнатылған. Одан басқа да тасбақаның және адам мүсіндерінің қалдықтары табылған. Ескерткіш тастың биіктігі 3.15 м. ені 1.24 м қалыңдығы 0.41 м келетін тұтастан тұрғызылған деп жазады В.В.Радлов экспедиция естелігінде қолданылған жазбада.

Орхон ескерткіші екі түрлі жазумен, орхон жазуымен және қытай жазуымен жазылған. Ескерткіш үшін аталған екі түрлі жазу тең қолданылған. Сондай-ақ, екі түрлі тілде айталық, көне түрік тілінде және прото қытай тілінде жазылған. Ескерткіштің күншығысқа қараған беті мен оңтүстік және солтүстік жаққа қараған беттеріне Орхон жазулары арқылы жазылған Күлтегін батырдың өмірбаяны мен ерлік еңбектері және сол кездегі түрік тектес халықтардың төл тарихына қатысты мол тарихи деректер мен түсініктемелер жазылған.

Осы аталып отырған ескерткіштің тұрғызылуы туралы және сол кездегі қытайдың Таң хандығының бір патшасы болған Шуан Заң деген патшаның, Орхон-Енесей жазба ескерткішін тұрғызуға тікелей араласқан. Ол жәйлі деректер жазылған ескі кітаптар мәліметін «ескі Таң хандығы кітабы» мен «жаңа Таң хандығы кітабы» деп аталатын ескі дәуірде жазылған (шамамен VIII ғасырда жазылған) екі кітаптың қайсысынан болса да оқуымызға болады. Айталық, «ескі Таң хандығы кітабы» деген кітаптың 194-томының алдыңғы бөлімінде.

«...Аталған ескерткіштің орнатылып, жасалып тұрғызылуы туралы жазылған. Сол кездегі Таң хандығы патшасы Шуан Заң, Күлтегін қайтыс болыпты дегенді естігеннен кейін, патша сарайына алтын айдарлы қолбасшысы Жаң Шүиі мен патша ордасының кеңесшісі Лүи Шяң екеуін шақырып алып, оларға патшалық таңбасы басылған көңіл айту хатын сол елге апаруды, Күлтегін батырдың кесенесінің басына ескерткіш тас орнатуды, ескерткіш тасқа жазу жаздыруды, басына мұнара тұрғызып, айналасына сын тастар қоюды, күмбезінің төрт құбыласын бекіністей берік етіп жасап шығуды әмір етеді,» деп жазылған (түпнұсқа қытайшасынан қазақ тіліне аударған авт.).

Ал, хұп делік. Бұл дерек қытай жазбасынан бізге көптен бері бейтаныс болып келген немесе ескерусіз қалған бір тың дерек екені анық. Бұл деректі тағы да анықтай түсетін «жаңа Таң хандығы кітабының» 215-томының аяқталу бөлімінде де кездестіреміз. Ондағы деректер жоғарыда баяндалған деректен сәл де болса басқашалау жазылған. Алайда, жалпы мазмұндық жағынан ұқсастау келетін тағы бір дерек екені белгілі. Біз оны да осы арадағы аударма арқылы оқи аламыз. Ондағы ден қоятын мына деректер өзіндік құндылығымен қызықты.

«...Таң хандығының Шуан Заң атты патшасы асқан өнерлі алты шеберді алдына шақыртады. Күлтегін ескерткішіндегі сынтас мұнараны зерлі жазулармен айшықтап, оқалы оюлармен өрнектеп, сол елде бұрын болып көрмегендей безендіріндер, соны көріп Монғолия (Білге қаған) қаралы қайғысына тоқтау тапсын деген әмір беріп аттандырды.» деп жазған. Міне, бұлар осыдан 1250 жылдан бұрынғы қытай жазбаларына түскен. Таң хандығы деп аталатын дәуірдің тарихшыларының қаламына іліккен аса елеулі оқиғалар дерегінен сыр шертетін кітап сөзі:

Күлтегін батырдың басына орнатылған төрт құбыласы «зерлі жазулармен айшықталған, оқалы оюлармен өрнектелген, көрікті жасалған көркем мұнараның» тым арырақта құлап, орны құрып кеткен көрінеді. Олай болатыны, бұл аталған мұнаралар жайлы кейінгі кездердегі тарих және архиологиялық зерттеулер барысында естелік ретінде жазылып, архивтер қорына түспегені мәлім. Бұл туралы біз 1958 жылы Монғолия мен Чехословакия бірлеспе экспедициясының қазба жұмыстары жөніндегі жазбаша естелігіне жүгіндік.

Ал осы аталып отырған мұнаралар жайында қытай жазба деректері кейінгі кездерге тән кейбір деректерді ортаға қояды. Дәлірек айтқанда, жер әлемді дүр сілкілтіп өткен қаһарлы да қатал Шыңғысханның қызыл қырғын қанды соғыстарын бірге өткізіп, хан қасында ақылшы болған әрі Шыңғысханның ең жоғары дәрежелі хатшысы, күнделікті елеулі оқиғаларды хатқа түсіруші ғалым, ғұлама, Қидан ұлтынан шыққан Ие-ли-шоу-цай деген адамның екінші ұлы Ие-ли-шоу жас кезінде ақындықпен көп жерлерді аралап шыққан. Ол адам, сол кездегі сапарында солтүстік өңірдегі Монғолия сахарасын, Алтай, Саян тауларын, Орхон, Енесей өзендерін тегіс аралаған. Аталған өңірде болған кезінде ол тарихтағы атақты жерлерді түгелдей өз көзімен көріп, сол жерлерді өлеңдеріне арқау еткен. Соның бір дәлелі ретінде мен сіздерге өзім оқыған ақынның өлең кітабы (қытай тіліндегі нұсқасы) «Еліктен мені егіз бұлақ» атты жинағынан сөз еткім келеді. Аталып отырған жинақта біз сөз еткен Күлтегін батырдың басына орнатылған тастан шабылған ғаламат мүсінін өз көзімен көргені «Қарақорым» деген өлеңінен белгілі болады. Ол өз өлеңінде Қарар-қорым деп аталатын жерді арнаулы түрде өз оқырманына түсіндіріп былай деп жазған:

«Қара-қорым деген жерде, тарихта үлкен қала болатын. Онда тарихтағы Білге қаған мекен еткен. Оның астанасы болған. Жылдардың өтуімен бұл қаланың орны құрып кетіпті. Болмаса кезінде мәртебелі ханымыз да (бұл арада Шыңғысхан меңзеліп отыр-автор). Осы маңда қытайша ван ән гоң (тыныштық сарайы) монғолша «Түмен аму ғалан» деген сарай салдырып билік құрған. Сол Түмен аму ғалан сарайының қаласы орнаған жердің батысында 70 ли (шамамен 35 шақырым) келетін ұзақтықта Білге қағанның ордасының орны қазірде бар екен. Ал аталған «Амуғалан» қаласының шығыс солтүстігінде 75 ли (35 шақырым) келетін қашықтықтағы жерде, тарихтағы қытай билеушілері әр кезеңге бөлінетін Таң хандығы Кайюан жылнамасының мешін жылы Күлтегін батырға арнап орнатылған алып ескерткіш әлі тұр. Сол ескерткіштің қасындағы Күлтегін батырдың тастан шабылып ойылған керемет мүсіні күні бүгінге дейін баяғы қалпында сақталыпты» деп жазады.

Жоғарыда аталған дерек, шамамен 1260-жылы жазылған. Бұл шамамен Күлтегін батыр кесенесі орнатылғаннан кейінгі 528 жыл өткен кезге тура келеді. Осы тектес өте құнды ескі күндегі Күлтегін батырға байланысты жазба деректер қытай жазбаларынан көптеп кезігеді. Мәселен «Жин хандығы тарихы», «Юан-миң хандықтағы тарихы», «Чин хандығы тарихы» т.б. толып жатқан тарихи кітаптардың кез келген бірінен оқи аламыз. Алайда, бұл арада баса тоқтала кететін бір жайт, Күлтегін батыр ескерткіші кейінгі кезде қайтадан табылған кездері ХҮІІІ ғасыр еді. Ал батыс елдеріндегі көп санды түріктанушы ғалымдар, осы алып ескерткіш жөнінде ғылымда ешқандай дерек жоқ дегенге саясатын өте ұшқалақ пікірлерді ортаға қоюға әуес болды. Бұлай істеудегі мақсат, айдан - ашық шындықты бүркемелеп, қалың ғылым сүйер қауымды алжастыру, олардың көзін күлегейлеп, өз аттарын шығарудан ары бармағандығынан туындағанды. Бұл жақтағы таласты ой мен пікірлердің әр қандайы, тек қана ғылымдағы тарих беттерінде қалған нақты жазбаларды тілге тиек ете білгенде ғана, нағыз фактілерді жүгінер түйін деп ұстанғанда ғана, шынға жетер шынайы жолды таба отырып, тарихтың күрделі шырмауын шешуге болады. Жоғарыда біз сөз етіп отырған ХІІІ ғасырда атақты тарихшы Ие ли шоу жазған әрі тарихи кітап сөзі ретінде аса құнды деректер қатарында бізге жетіп отырған «... Таң хандығы Кайюан жылнамасының мешін жылы күлтегін батырға арнап орнатылған алып ескерткіш әлі тұр» деген дерек, қытай жазба тарихының бірі «Таң хандығы кітаптарында» жазылған: «қайтыс болған Күлтегін ескерткіші деген алты әріп жоғарыдан төмен қарай екі жолға тігінен екі қатар ойылған. Ескерткіштің бетіне оң жағынан тігінен Күлтегін ескерткіші деген бес әріп ойылып, одан кейін тексттің тұтас мазмұны қытайша тігінен 36 әріппен жазылған. Осылардан кейін аяққы жолына, сол жақтағы жолына немесе ең шетіне, «Таң хандығы Кайюан жылнамасының 20-жылы яғни мешін жылы тамыздың жеті жаңасында ескерткіш тұрғызылды» деген жазбалар дерек ретінде естелікке алынғандығы анық.

Ал Таң хандығы дәуіріндегі кітаптар болса сол дәуірдің жемісі екендігіне, оны сол аталмыш дәуір оқымыстылары жазғандығы кімге болса да аян шаруа. Міне, бұл біз жүгінетін жазбаша дерек, анығырақ айтқанда, тарих бетіне ең ерте түскен, тіпті аталған Күлтегін ескерткіші тұрғызылған дәуірде жазбаға түскен тарихи ескерткіштің нақтылы тарихи құны бар дерегі. Осы дерек кейінгі кездерде ХҮІІІ ғасырдың соңында В.В Радлов көшіріп алған, аталған ескерткіштен бұлға көшіріп түсіріп алған Орхон-Енесей жазба ескерткішіндегі қытай жазуларымен айна қатесіз ұқсас. Соған қарағанда, қытайдың аталмыш Таң хандығы дәуіріндегі ҮІІІ ғасыр тарихшылары да тарихтың шындық толы бұлтартпас болмысын бұра тартпағаны белгілі. Болған істі сол күйінде (*аталған дәуірдің мәдениеті, әсіресе, әдеби өресі мен деңгейі бүгінгі дамып жеткен дәуір таразысымен өлшенбейтіні анық. Сол себепті де, тарихи шығаруға да болмас*) естелікке жазып қалдырған көрінеді.

Ал, қытай әріптерімен жазылған жазудың түпнұсқасын (тасқа қашалып жазылудан бұрынғы нұсқасын) кім жазғандығы көптен бері таластың түйіні болып келген еді. Біраз ғалымдардың түрік тектестердің ортасынан шыққан, қытайша жетіскен түрік тектес ғұламалар да қытай жазуы мен еңбектер жазып қалдырған дегенді ортаға қойып, аталған қытайша нұсқаны да солар жазған болуы мүмкін деген тұжырымдар айтылады. Бұл

тектес тұжырымдар да бір есептен тектен -текке айтыла салмаған көрінеді. Олай дейтініміз, дәл сол дәуірдегі түрік тектес халықтар құрған тарихтағы дербес мемлекеттер қытай хандықтарымен түрлі салаларда өте жақын барыс-келістер жасағаны, екі жақтылы байланыстар орнатқаны тарихи шындық. Бұл жөнінде «Тұнықоқ жазба ескерткіштері» деректер сырына көз жүгірткен адамдар істің мән-жәйін тіптен қанық біле алады. Бұл жөнінде екіленудің орны жоқ екені мәлім. Мұны жалғыз ғана осы айтылып отырған «Орхон-Енесей жазба ескерткіштері» дәлелдеп қалмастан, басқа толып жатқан тарихи оқиғаларда сөз болатын адам мен істер дерегі дәлелдей береді. Алайда, қытай тілінде жазылған жазбаның мазмұнына үңілер болсақ, оны нағыз зерттеуші көзімен саралап танитын және түсіне білсек, оның әсте қытайдың аталмыш Таң хандығы дәуірінде жасаған түрік тектестерден шыққан оқымыстылардың қолынан шыққан деуге де болады. Қытай әдеби тілі мен жазба өнерінен белгілі өреде сауыты бар, төселген қаламгер ретінде танылатын оқымыстыларының бірінің немесе бірнешеуінің қолынан, қоры-тып айтқанда, солардың қаламынан туғаны анық байқалады. Бірақ, оны «*Таң хандығы патшасы Шуан заң өз қолымен жазып берген*» деген деректің табан тірер тыянағы тым аз. Тарихи деректерде, тек мынадай қытайша сөз, қазақша аудармасы: «*патша ағзам жазбалары*»- делінетін қысқаша жазбадан өзге ешқандай дерек жоқ. Тарих бетіне бұлай жазылуындағы себеп, тек қана сол дәуірдегі, әсіресе, қошаметшілдік пен аса жағымпаздықтың құдіретімен кітапқа түсірілуден туындаған деуге болады. Болмаса, қытай жазбаларында да «*Шуан заң патша өз қолымен қалам тербеді*» делінетін нақты дерек кездеспейді. «*Патша ағзам жазбалары*» деген сөз де тарихи деректердің тұтас тұлғасымен оншалықты қабыспайды. Осыған қарағанда, қытайша тексттегі түпнұсқаны Шуан Заң патша өзі жазбаған. Алайда, аталған түпнұсқада патшаның аты бар, белгілі бір қытай оқымыстыларына да жаздырған болуы да мүмкін. Бұл нақтылы тарихи шындыққа жанасады. Сондықтан да, тарихта қалған аса елеулі ескерткіштің қытайша түпнұсқадағы тексттерін қытай хандықтары Күлтегінге арнап жаздырған деп кесіп айтуға болады. Мұны Күлтегін батыр ескерткішіндегі көне түрік тілінде жазылған «...Табғаш (қытай хандығы меңзеледі-авт). Қағанынан шеберлер келтірдім, жазулар жаздырдым. Олар менің сөзімді бұзбады» делінетін деректен де айқын аңғарамыз. Молгиян қағанының Күлтегін батыр ескерткішіне жазып қалдырған бұл сөзі ескерткіш жазуларын қытайлардың жазғанынан да дерек бере алады.

Тарихтағы аса елеулі жазба ескерткішімізді тұрғызу ісіне қытай шеберлерінің де белгілі үлес қосқаны аян. Мұны жоғарыда біз тілге тиек еткен кейбір деректер де дәлелдейді. Бізше тарих деген өткен өмір белгілерін бүгінгі күннің шөкім таразысымен өлшеп, тамауға, бүгінгі күн талап тілектері арқылы түсіндіруге әсте болмайды. Тың пікірлер мен батыл болжам айтпай, заман ығына еріп ізкеуе сынды қорқынышты әдет пен нысандар, әрқандай бір ғылымдағы ғылыми көзқарасты тереңдете алмайды. Алдыңғы буындар ортаға қойған өз пікірлері мен көзқарастарын ұсынып үлгірген мәселені, соңғы бір ұрпақтардың қайта-қайта жарапазанша жаңғырып, сол күйінде қайталай ортаға салып, түк көрмегендей соған таңырқасып отыруы жөнсіз әрі жойдаксыз нәрсе. Бұлай істеу, сол бір ұрпаққа даңқ әкеле бермесе керек. Біздің тарихымыз тарихи шындықтар арқылы айшықтала береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Of.W.K.Müller. Zwei pfahlschriften aus den Turfanfunden, APAW.1915.Nr.3
2. Uigurica.IV. SPAW, Berlin 1931.
3. N.Orkun Eski Türk yazıtları. I-IV. İstanbul, 1936-1941.
4. R.Rahmeti Türkçe Turfan tekstleri. VII. İstanbul, 1938